

ҚАУЛЫ

2023 жылғы 26 мамыр

№1ам-650/2023

Астана қаласы

Астана қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Э.М.Оңғарсынова, сот отырысының хатшысы ретінде Ж.Ж.Шакирова отырып, прокурор К.А.Асылбековтың, адвокат М.А.Доскараевтың бейне-конференцбайланысы арқылы қатысуларымен өткізілген сот отырысында Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының 2023 жылғы 13 мамырдағы қаулысына күдіктімен берілген жекеше шағыммен қоса түскен, Қылмыстық кодексінің 405-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмысты жасаған деп күдіктелген Асқар Қажажіміұлы Сембайға қолданылған екі ай мерзімге күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау жөніндегі тергеушінің өтінішхат материалын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Шағымдалған сот қаулысымен күдікті А.Қ.Сембайға тергеу органымен қолданылған екі ай мерзімге – 2023 жылғы 12 мамырдан 12 шілде аралығында күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы санкцияланған.

Астана қаласы Полиция департаментімен азамат А.Қ.Сембайға қатысты қылмыстық іс Қылмыстық кодексінің 405-бабының 2-бөлігімен «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қоғамдық немесе өзге де ұйымдарға қатысты олардың экстремизмді немесе терроризмді жүзеге асыруына байланысты қызметіне тыйым салу немесе тарату туралы заңды күшіне енген сот шешімі бола тұра, олардың қызметіне қатысты деген күдікпен тергелуде.

Күдікті А.Қ.Сембай жекеше шағымында сот қаулысымен келіспейтінін, өйткені қылмыстық жауаптылыққа алғаш рет тартылып отырғанын, бұрын сотты болмағанын, нақ осы әрекеттері үшін 2022 жылдың 20 қарашасында әкімшілік жауаптылыққа тартылып, он бес тәулік әкімшілік қамақта болғанын, отбасы, тұрақты тұрғылықты мекен-жайы бар екенін айтып, күзетпен ұстауды ұйқамаққа ауыстыруды сұраған.

Алқа судьясы жекеше шағымды қолдаған адвокатты, сот қаулысы заңды болуына байланысты өзгеріссіз қалдырылуға жатады деген прокурорды тыңдап, өтінішхат материалын және шағым уәждерін тексеріп, сот қаулысының күшін жоюға немесе өзгертуге негіз болатын заңмен көзделген мән-жайларды таппады.

Қылмыстық-процестік кодексінің 147-бабының 1-бөлігінде бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және басқа, қатандығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шараларын қолдану мүмкін болмаған кезде заңмен бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге қатысты ғана қолданылады. Айрықша жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы, егер күдіктінің қылмыстық

әрекетті жалғастырып жүргендігі туралы деректер бар болса, заңда бес жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деп күдік келтірілетін адамға қатысты қолданылуы мүмкін делінген.

Тергеу соты тағылған күдіктің негізділігін, сондай-ақ тергеуші мен прокурордың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы дәлелдерін тексеріп, жасалған қылмыстық әрекеттің мән-жайы, оған А.Қ.Сембайдың қатыстылығы бары туралы мәліметтерді зерттей отырып, тергеушінің өтінісхаты қанағаттандырылуға жатады деген дұрыс қорытындыға келген.

А.Қ.Сембай күдіктелген қылмыстық баптың санкциясында екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Қылмыстық іс материалдарымен А.Қ.Сембайдың тарапынан қылмыстық құқық бұзушылық жасалған деген күдік негізделген. Тергеу соты кінә мен дәлелдемелерді бағалау мәселесін талқыламай, қылмыстық құқық бұзушылық болғанын, қылмыстың құрамы бар екеніне және оны күдіктінің жасау ықтималдығын көрсететін жеткілікті мәліметтерді анықтаған.

Қолданылған бұлтартпау шарасы істің мән-жайына, А.Қ.Сембайдың жеке басына сәйкес келеді, өйткені оның тергеу мен соттан жасырынып жүруіне, қылмыстық істің объективті тергеп-тексерілуіне немесе сотта талқылануына кедергі келтіруіне мүмкіндігі бары және қылмыстық әрекетті жалғастырып жүргендігі нақты деректермен расталған. Бұларды тергеу сотының айрықша жағдайлар деп тануы заңды.

Соттың кепіл мөлшерін анықтамауы Қылмыстық-процестік кодексінің 148-бабының 9-бөлігінің талабына сәйкес келеді.

Күдікті А.Қ.Сембайдың бұрын Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 488, 489-бабымен әкімшілік жауаптылыққа тартылғаны оған қатысты Қылмыстық кодексінің 405-бабының 2-бөлігімен қылмыстық істің тергелуіне кедергі болмайды, өйткені олар әртүрлі құқық бұзушылық әрекеттер болып есептеледі.

Істің мұндай тұрғысында, тергеу сотының күдіктіге қатаңдығы неғұрлым жеңіл бұлтартпау шарасын қолдануға мүмкіндік жоқ деген тұжырымымен алқа судьясы толықтай келіседі. Сот қаулысы дұрыс және заңды деп есептейді, оның күшін жоюға немесе өзгертуге негіздер жоқ.

Қылмыстық-процестік кодексінің 107-бабы 7-бөлігі 1)-тармағын басшылыққа алып, алқа судьясы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Күдікті Асқар Қажажімұлы Сембайға қолданылған екі ай мерзімге күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының 2023 жылғы 13



мамырдағы қаулысы өзгеріссіз, күдіктінің жекеше шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.


Қаулы түпкілікті болып табылады, кассациялық тәртіпте өтінішхат және наразылық келтірілуге жатпайды.

Судья

Э.Оңғарсынова



Құжатқа көп қойылған: Уңғарсынова Э. М., 26.05.2023



7199-23-2-4685